

ӘОЖ 181.001

Г.А. Шадинова, С.Ш. Юсупова*

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

*E-mail: Sau2000@mail.ru

Қазіргі күндегі қазақ қоғамына бәсекеге қабілетті әйел дәрежесінің деңгейлік мәселесі

Бұл мақалада біздің еліміздегі әйелдің дәрежесі ең жақсы нәтижеге жетуіміз үшін қандай болуы керек екендігін білу үшін, дамыған Батыс елдеріндегі әйелдердің дәрежесі мен осы Батыстың Ренессансының фундамента қалаған Мұсылман елдеріндегі әйел дәрежесі қарастырылды. Осы мәселе бойынша бәсекеге қабілетті елдердің әйелдерінің дәрежесі және осы статустың келешекке қаншалықты бейімділігі зерттелінді. Қазіргі таңда білім, ғылым, тұтынушылық салдарынан тек Батысқа ғана еліктеуменен дамып жатыр, алайда бірінші ұстаз Аристотель болғанымен де одан да өткен мықты ұстаздардың нәр алған жері Ислам діні болғанын еш ескерілмеуде. Бағытты көрсету мақсатымен мен Малайзия елінің әйелдері мен Түркия елдерінің әйелдерінің арасында дәрежесі туралы анализі жасала отырып, негізіндегі Исламдағы әйелдің дәрежесін бүгінгі өмірдің көзқарасыменен қайта өңдеуге өткізуге шақыра отырып, Құранның әріптеріне емес Құранның мағынасына үңілуді көздей отырып, Жаратушының соңсыз ақылына сүйене отырып, қазақ әйелі қандай болуы керек сауалына жауап ізделінді. Қазақ әйелі қазақтың атын әлемдік дәрежеге шығару үшін қазақшылықтың келешекке зиян беретін элементтерінен арылып тура жол көзделінді.

Түйін сөздер: Ислам, әйел дәрежесі, Құран, феминизм, қазақшылық, рухани құндылық, бақыт, жанұя, Қазақстан.

G.A. Shadinova, S.Sh. Yusupov
**Status of women at the competitiveness
of today in the kazakh modern society**

This article is about the way which Kazakh woman should follow to prosper her society. Now unfortunately with all good things which come from Western countries such as technology, education and so on, we are blindly following to the western woman's behavior which is not acceptable for Kazakh woman as Muslim woman. Because we see that western woman became even higher than man because of radical feminism which is not productive for future of society, especially when we talk about fertility. We need to explain to Kazakh woman that Koran has various interpretations given in different times. The most important thing is we have to identify the requirements of our time according to Islam and follow not to the letters of Koran but to the meaning of Koran. Only traditions which make future better should survive, otherwise people never prosper. We have to question our traditions and measure them with Koran and Sunnah. Muslim scientists questioned every aspect of their lives and understood the first word of Allah «ikra» positively, so they really read everything with big interest. I try to show to Kazakh woman that Islam never consider woman only as mother or only as wife and never stops your personal development but encourage it. Women can't just stay behind man in shadow without having her own opinion, because Koran teach as that we are responsible for our life, so women shouldn't just follow her husband but she has to be a person who aware of her responsibilities.

Key words: Islam, women's status, women in Koran, feminism, primitiveness, spiritual value, happiness, family, Kazakhstan.

Г.А. Шадинова, С.Ш. Юсупова
**Проблема уравнивания статуса конкурентоспособной женщины
в современном казахском обществе**

С целью выяснения, каким статусом должна обладать женщина в нашей стране для достижения наиболее успешных результатов, в данной статье рассматриваются статус женщины в развитых западных странах и в мусульманских странах, заложивших фундамент западного Ренессанса. По данному вопросу проведено исследование статуса женщины в конкурентоспособных странах и склонности этих стран к развитию указанного статуса. В настоящий момент образование, наука и потребление склоняются к западной модели развития, однако, никто не вспоминает, что Ислам породил множество ученых, достигших гораздо большего, чем один из первых и значительных ученых Запада – Аристотель. Для представления приоритетного направления был проведен опрос женщин Малайзии и Турции, дана рекомендация пересмотреть современную жизнь и статус женщины через призму Ислама, опираясь не на букву, а на смысл Священного Корана, на бесконечную мудрость Всевышнего, осуществлен поиск ответа на вопрос, какой должна быть казахская женщина, а также показан путь возвышения имени казахской женщины и предостережение от элементов, способных нанести вред ее имени.

Ключевые слова: Ислам, статус женщины, Коран, феминизм, примитивность, духовная ценность, счастье, семья, Казахстан.

Бір қолымен бесігін, екінші қолымен әлемді тербеткен ананы қазақ халқы қашанда сыйлап, құрмет көрсеткен. Бүгінде елімізде әйелдер саясатта, бизнесте немесе экономиканың барлық секторында, шаруашылықтың әртүрлі саласында ер азаматтармен қатар еңбекке белсене араласып, өздерінің біліктілігімен, қабілет дарынымен, іскерлігімен көзге түсіп жатыр. Олар мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне сүбелі үлестерін қосып жүр десек артық айтқандық емес. Мемлекет басшысының: «...тәуелсіз Қазақстан әйелдерінің саяси және экономикалық мәртебесін арттыру – уақыт талабы, бұл мақсатқа жету менің ұдайы назарымда» деген сөзін ешкім ұмытпа қойған жоқ шығар [1, 131-б.]. Президент сөзінің өмірдегі көрінісі – елімізде өз Жарлығымен әйелдердің жағдайын жақсарту, оларды елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араластыру мақсатында түрлі бағдарламаларға жол ашқандығы.

Әлем тарихында құрсаңған жауға қарсы қол бастап жауға шапқан не болмаса мемлекет басқарып, сол елдің азаттығы жолында арыстандай алысқан әйел адамдар аз емес.

Өмірдің ең жоғарғы құндылығы – адам. Сондықтан, кез келген адамды жынысына, нәсіліне, ұлтына, ұстанған дініне қарамастан сыйлап, құрметтеу қажет. Әйелдер әділеттілікті, тыныштықты қалайды, Жер-ана секілді бәрін кешіреді. Жұмыр жер бетін мекен еткен барлық халық әйел ананы тек өз шаңырағының ғана емес, барша халықтың анасы деп бағалайды. Оның жан

тазалығына, ақыл-парасатына, қайрат-жігеріне, жан сұлулығына ерекше мән береді. Әйелдер өз отбасының ғана емес, барша отандастарының тыныштығын тілейді. Ұлысының ынтымақ бірлігін ойлайды [2, 56-б.].

Әйелдер ислам дінінің өздеріне берген қадірін, жеңілдігін, еркіндігін білсе, бүкіл дүние жүзінің әйелдері бірден мұсылман болар еді. Мұсылмандықта әйел сұлтан. Дініміз әйелге көп қадір берген. Ал еркекке көп жауапкершілік жүктеген. Исламда әйел үй ішінде және сыртында жұмыс істеуге, ақша табуға мәжбүр емес. Тұрмыста болса күйеуі, тұрмысқа шықпаған болса әкесі, әкесі жоқ болса, ең жақын еркек туысы еңбек етіп оның қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мәжбүр. Жақын туысы жоқ болса немесе кедей болса, «Бәйтул мал», яғни мемлекет қазынасы әртүрлі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге міндетті.

Пайғамбарымыз с.а.у былай деген екен осы мәселеге қатысты: «Ислам діні соншама ұзақ жерлерге кеңінен тарап сол жерлердің бәрінде сенім менен бейбітшілікті үгіттеп таратады және де сол ұзақ елдерден бір әйел жалғыз болып Меккеге келіп оны тауаф еткеннен кейін қайтадан жалғыз өзі үйіне қайтады. Сол әйелге еш бір қауіп қатер келместен үйіне қайта оралады [3, 232-б.].» Осы мәселені күніміздегі мәдениет критеріі ретіндегі әйел үшін айтылғаны ап-ашық, алайда күнделікті өмірде бұл сөздер қолданылмайтын бір теорияға айналған секілді, өйткені осы хадис бола тұра бүгінгі таңда әлі де

қажылық жасау үшін әйелді еркек ертіп жүруі тиіс екені таңғаларлақ жағдай емес пе?

Соңғы жылдары Егемен Қазақстан елі болып барлық саланы бірдей дамытуға атсалысқан еліміздің азаматтары күллі жер шарындағы ең мықты дамыған мемлекеттеріне барып елімізге ең жақсы даму жобасын ұсынуда. Әр елдің ең пайдалы жағын алып, солардың барлығын бірлестіріп Қазақстандықтар үшін салтанатты өмірді көздеп жүргеніміз шындық. Алайда, рухани құндылық, мәдениет мәселесіне келгенде қай ұстанымды ұстанудың дұрыс екенін көрсететін нақты бір бағыт жоқ, өкінішке орай. Медияның әсерінен адам табиғатына, ақиқатқа сай келмейтін, ақылға сыймайтын жағдайларды шындық етіп көрсету, мұсылман әйелінің ар ұятына қайшы келетін жағдайларды прогресс ретінде көрсету арқылы білімсіз, діни сауатсыз ана-қыздарымызға жат қылықтарды әдеттеріне енгізу кеңінен жүргізулуде. Соңғы жиырма жылдың теледидардан ең көп батыстағы өмір сүру салтанаты уағыздалып жатыр, әрине егер жоғарыда айтылғандай керегін алып талдасақ батыстан алатын мысал көп, алайда біз тікелей Батыстың күнделікті өмірін көшірсек қоғамымызға кері әсер етеді екен.

Ең қатерлісі бұл сол әйелдің бостандығын, шынайы тұлға болуын көздейтін Ислам дініне ана-қыздарымызды дұшпан етуі екен. Өйткені негізінде әйелдің шынайы бақыты менен бас бостандығы тек қана Ислам дінінде екен.

Осы құндылық системасының бағытының болмауының салдарынан халқымыздың бәрі теледидар сериалдарына беріліп кетіп бара жатыр, екінші бірі өтіп кеткен кеңестік дәуірдің руханилығын аңсауда, үшінші бір топ мүшелері қазақ қазақшылығымен әсемді деп шаманистік дәуірдегі көне қазақ сенімдерін қайта жаңғыртуда...

Біз ел болуымыз үшін ең әуелі мұсылман болғанымызды ескеріп бүгінгі қазақстандықтардың Исламдағы бағытын анықтауымыз керек. Малайзиялық халықты алсақ, олар өздеріне тән Ислами өмір сүрулері олардың одан әрі дамуына септігін тигізуде. Өйткені тарихқа үніліп қарасақ, Исламға дейінгі дәуір және Исламнан кейінгі кезең деп бөлінеді екен. Пьер Кюри Нобел сыйын алғандағы сөзі былай еді: «Андалусияның кітапханаларының кітаптарының түгелі бізге жеткенде, біз қазір ғарышта отырар едік, өйткені мен сол аз ғана қалған кітаптардан атом-

ды аштым» деген екен. Мұсылмандардың орта ғасырдағы жеткен шыңына әлі күнге дейін осы жиырма бірінші ғасырда отырған біз жете алмай келе жатырмыз.

Қоғамдағы моралды құндылықтардың орнатылуы жанұялық ядродан басталады. Егер бір елді жою үшін жанұя ұғымын жою жеткілікті болады екен. Ядросынан айырылған ұлт өздігінен жойылып кетеді. Жанұя қорғаушы рөлін атқарады екен. Ер менен әйелдің әрі физикалық, әрі руханилық мұқтаждықтарын қамтамасыз ету арқылы, қоғамдағы зинақорлықтан және де түрлі венерикалық аурулардың тарауының алдын алады, некелескен отбасында жасөспірімдердің ата-бабаларының әдетін-ғұрпын түсунуі және өміріне сәйкес түрде одан әрі жалғастыруы, ұлттық сананы қалыптастыруын да жанұя аса маңызды рөлін атқаратыны мәлім. Әсіресе осы заманымыздағы жүйкелікті, бәсекелесті өмірімізде әрқайсысымызға жанұядағы жылулық пен мейірім аса қажет, үйіне келген уақытта жұмыстағы проблемалар мен қиындықтарды ұмытып, сені тек сен болғаның үшін жақсы көретін отбасы мүшелерінің әсерінен бақытты бола аламыз емес пе? Отбасында ғана адамдар толығымен босап, күніменен тағып жүрген маскаларын шешіп, бұл жерде маған зиян келмейді, мені ешкім сынамайды, мен өз отбасы мүшелерім үшін өте қымбаттымын, бұл менің қорғаным деген ойменен рахаттанып өмір сүре алады.

Сол жанұяның бақытын жылытатын, жарық беретін күні, әйел тұлғасынан басталады. Өйткені отбасы қоғамның ядросы болса, әйел отбасы ядросы екен. Әйелдің жанұяны бақытты етуі үшін, ол ең әуелі өзі бақытты болуы тиіс. Ал бақыттың ең негізгі шарттарының бірі тұлға болу, өз мендігінен айырылып қалмау, яғни пікірін еркін ашып айту. Өйткені ол әйел Пайғамбарымыздың с.а.у. хадисінде айтылғандай ерінің жетпей тұрған иманының жартысын толықтыруы үшін, оған тең болуы тиіс, бірдей болу емес, яғни дәрігер менен мұғалімнің теңдігін көздеген секілді, тең құқықты болуы тиіс, қоғамдағы мүмкіншіліктер ерге де, әйелге де теңдей ұсынылуы қажет. Туыстарының қысымынан, не болмаса ерінің қызметшісі ретінде ғана болуынан ол өзін тастап қойған жағдайларда, ол ең әуелі өзіне, жұбайына және бала-шағасына, сонан соң қоғамына қиянат етеді. Өйткені тұлға ретінде өлу физикалық өлуден жаман екен...

Шындығында, тек әйел ғана өзіндегі мүмкіндіктерімен өзіне белгіленген бұл міндеттерді атқара алады. Алла әйелді Жаратушысына бағынып, жанұясының түтінін түзу түтетуге, бәрінен бұрын дүниеге сәби әкеліп, ұрпақ жалғастыру үшін жаратқан. Мұсылман әйелдер үшін жанұя мәселелері оның жеке қызығушылықтары мен кеудемсоқтығынан әрқашан басым тұрады. Жеке «персонализм» ол үшін маңызды емес. Тым тырысу, қызметте өсу, кәсіби жетілу оның жанұясына зиянын тигізетіндей болса, одан дереу бас тартады. Мұсылман әйелдері алдыңғы кезекте жанұясының игілігі мен Жаратушысына құлшылығын ойлауы тиіс. Иә, Ислам әйелдерге саяси немесе қоғамдық өмірдің басқа да салаларында табысқа қол жеткізуге тиым салмайды, керісінше өзі өмір сүріп отырған қоғамды дамыту, көркейту үшін атсалысуға даяр әйелдерді мадақтайды. Біраз жылдан бері ислам дініндегі әйелдердің құқықтары мәселесімен айналысып жүрген Н. Юсупова «Исламдағы әйелдердің құқықтары» кітабында былай деп жазады: «Әйелдің Алла жолында жасайтын ең игілікті ісі мен жұмысы ол – үй шаруасымен айналысу, балаларға тәрбие беру, үйін көріктендіру және жұбайына көмектесу» [4, 89-б.].

Арабтанушы, Эдинбург университетінің профессоры Уильям Монтгомериннің айтуынша: «Мұхаммедті тарихи контексте әйелдердің құқықтарын қорғаушы тұлға ретінде қарастыруға болады, өйткені ол әйелдерге жалпы кепілдік берді» дейді [5, 67-б.].

Исламда білім концепциясы өзге өркениеттермен салыстырғанда әлдеқайда басым маңызға ие болған. Мұсылмандық қоғамның интеллектуалды, рухани және қоғамдық өмірінің барлық қырларының арасында білім барынша басым позицияда болған еді. «Білім» білімді топтардың арасында салтанат құрды, ал өнер өзгелерге ықпал жасады.

Қазіргі таңда күнімізде надандықтың тағы бір түрі де кездеседі екен. Мұсылман бола тұра, білімсіздіктен ислам қағидасына керісінше амал жасау, яғни мүлде мұсылманға сәйкес өмір сүрмейтін мұсылмандар. Өйткені бұл мұсылмандарға өз діндері жайында білімнің қажетсіздігі насихатталуда, бұл үгіттеу сонау кеңес дәуірінен бұрын басталды, қазақ молдаларының қатыгездіктен медреселерде тек таяқпен білімді қатар беретін, дәуірінен қалып кеткен молданың

іс-әрекеттерін көрсетуден басталғаны баршамызға аян. Ендеше заманның талабына сәйкес келмейтін білімге кім ұмтылады екен... Ал бірақ Құран бүкіл замандардың кітабы болатындығына ант еткен Алланың сөздері бар бола тұра, бұл кітапты орта есеппен ұстанса ғана бізді өркениетке жеткізеді екен. Бірақ осы дінді шектен тыс қиындатушылардың салдарынан осы Ислам діні шынайы өз келбетін қазақ жастары алдында жоғалтып отыр. Ислам дінінің деңгейін көтере отырып біздер осы Құранның қазыналарына қол жеткізе аламыз. Мысал ретінде Түркия, Малайзия, Иордания және Бирма елдерінде Құранға және Пайғамбарымыздың сүннетіне үлкен сұраныс болса да, осы елдер демократия және білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті елдер болып саналады екен.

Демократия, нарық аясында, информациялық кеңістікте әйелдердің дәстүрлі мінез-құлқын қалай түсінуге болады немесе жаңа жағдайға оралымды іс-әрекеттердің тартымдылығын қалай сақтауға болады деген сауалдарды өмір әрқайсымызға ұсынуда. Ғасырлар бойы дәстүрлі мінез-құлқатар отбасында еркектерге, үлкендерге орай және бала тәрбиесі тұрғысынан анықталды. Бұл нормалар бүкіл адамзаттық сипатқа айналды. Ол тегін емес еді. Ендігі бұл үлгілердің құндылығы әрқалай қабылдануда. Әйелдердің өзіндік іс-әрекеті, яғни азаматтық және қызметтік кәсіби ізденісі іргелі мақсатқа бағытталуда. Әйел еңбектің де, еркектің де жетекші күшіне айналуға, жұмыста өз кәмілеттілігін танытуда, кәсіби құзырлығын жетілдіруде, серіктестікке өздерінше бағыт ұстауда, сауда-саттықта өзіне деген сенімін арттыруда. Осылайша іс-шара мен қауымдастықты басқару әдістерін әр бағытта игеруде және үйретуде.

Бұл іс-әрекеттер көбінесе әйелдердің өз пікірі туындауда. Белсенді әйелдер тәжірибесі демократия мен нарықтық қатынасты әр салада әр қалай үйлестіруде, өзіндік пікір өнімдік айналымға еніп, әр қарқынға ұйытқы болуда. Әйелдердің тың өмір-салттары мен озық тәжірибелері тың адами қасиеттерді қалыптастыруға және тоғыстыруға жер-жерде ықпалын арттыруда. Әйелдер озыңқы іс-әрекеттерімен қоғамдық қатынастарды жаңғыртудың бүгінгі белсенді әлеуметтік күшіне айналуға.

Қазақстанның өсіп-өнуіне, демократиялық дәстүрлерді өмірге ендіруде, әр ортаның мәде-

ниетінің қалыптасуына әйелдердің қосып отырған үлесі өте зор. Әйелдер ел мен ұрпақтың есеюіне тікелей ықпал етуде. Елдің егемендік деңгейі мен Қазақстанның тәуелсіздік тұғырының мекемдігі де әйелдердің белсенділігінен жан-жақты тәуелді [6, 27-б.].

Әйелдің рөлі отағасына, жанұя мүшелеріне күн шуағындай әсер етеді. Қоғамымыздың мораліне сәйкес, бізде әйелді ана, ұрпақты жалғастырушы деп сыйлайды.

Қазақ әйелінің намысы – биік, ары – олжа. Әйел әлбетте, қажет кезінде билікке де араласып, ер-азаматтарына сүйеу бола біледі. Олар жаугершілікте ерлермен қатар тізе қосып, жауға қарсы шапқан, тіпті де қол бастаған. Оған келтірер мысал да аз емес.

Қазіргі кезде жер шарында нәзік жандылар саны 50%-дан астам. Жылдан жылға әлемде әйел саясаткерлер саны күн санап өсуде. Қазақ санасы бойынша, яғни менталитетімізде қазақ әйелі – билік басында болмаған. Болса да, жиі кездеспеген. Әйел мен саясат еш байланысы жоқ ұғымдар болған. Ал енді, заман өзгерді ме, әлде адамдар өзгерді ме, әйтеуір «заманға сай бөркінді ки» демекші, әйел қауымы мемлекет саясатының бөлмес атрибуты болды. Әйел тек саясат объектісі ғана емес, әйел енді саяси процестің бас қатысушының да рөлін атқармақ. Оған басты себеп, жалпы демократиялық өзгерістер нәтижесі.

Соған қарамастан, қазіргі кезде гендер мәселесі – біздің қоғамымызда өте күрделі мәселелер санатында. Және де күн сайын әлемдегі деңгейде көтерілетін өзекті де көкейтесті болмақ. Адамдар арасында, яғни әйел азаматтары мен ерлер, бойжеткен мен ер балалар және қыз бен ұл арасындағы қатынас – ел ынтымағының шыңы. Сол қатынастың қарай біркелкі болуы еліміздің дамуына, қоғамымыздың жақсы жаққа өзгеруіне және болашақ ұрпаққа әсері мол.

Ал батыстың дамыған елдерінде де әйелдер әлі күнге дейін өзінің лайықты орынға ие болған жоқ. Америкада әйелдер дискриминациясына қоса әйелдердің бірінші 20 мамандығы хатшы, кассир, сату бөлімінің басшысы, медбике, кітапханашы, даяшы, аспаз, үй тазалаушы және т.б. құралады.

Басқа жағынан қарасақ, Америка, Еуропа және көптеген елдерде әйелдер қымбат та бағалы тауарларды жарнамалайтын құралға ай-

налған. Және әйелдің бүкіл адамдық және тәңірлік қасиеті мен бағалылығы бір тауар не заттың сатылуымен төмендеп кетті. Біріккен ұлттар ұйымының бұрынғы басшысы (Петроус Ғали) 1995 жылы Пекин қаласында өткен әйелдердің әлемдік конференциясында былай деген еді: «Жеткен ұлы жетістіктерімізге қарамастан орындауымыз қажет көптеген істеріміз қалды. Көптеген қоғамдардағы әйелдер даму жолында айтарлықтай үлес қосуда. Алайда шамамен барлық жерде әлі де әйелдерге байланысты мәселелер басым емес. Әйелдер ашық және жасырын түрдегі шеттету және қыспақпен соқтығысуда. Әлі де әлем кедейлерінің 70%-ын әйелдер құрап отыр».

Батыста пайда болған феминизм қоғамдық бағыты әлемдегі, әсіресе батыс қоғамдарындағы әділетсіздік, дискриминацияға қарсы реакция, күресу мақсатымен әрекет етеді. Бірақ бұл топта әйелдің табиғилығы мен жаратылысын дұрыс бағаламай, әйел затын ер адам қоғамымен табиғи және тумысынан бар қарым-қатынастың алдын алады. Феминисттер әйелдің отбасындағы және тәрбиелік рөліне көңіл аудармай, елемей «Еркін үйлену» атты жаңа жобамен әйелдің бала тәрбиесі, баланың физиологиялық және табиғи қажеттіліктерін өтеудегі рөлін елемей, сонымен қоса түрлі қоғамдық, мінез-құлықтық бұзылу мен бүлінулерден әйелдердің жыныстастарды ұнатуына себепкер болып, адамзат қоғамын екі есе көп қиындықтармен беттестірді [7, 35-б.].

Орыс жазушысы, дворяндар тегінен шыққан және де Құранды орыс тіліне аударған Валерия Порохова исламдағы әйел құқықтары жөнінде былай дейді: «Жер бетінде сіз мұсылман әйелінің құқығынан асып түсетін әйелді таба алмайсыз, тіпті қазіргі таңда сол мұсылман әйелінің құқығына тең құқықты әйелді де кездестіру де қиын» [8, 73-б.].

Біз қазіргі уақыттағы әйелге қатысты тапталуындардан еркінбіз бе? Бұл жайында әйелдің өз тағдырын өзі шешуіне, оның әлеуметтік рөліне қалай қарайтынымызға байланысты айта аламыз. Біз еркек пен әйелдің тең құқығы әртүрлі елдердің конституцияларында бекітілген, әйелдер қоғамның экономикалық өміріне қосылған, дауыс беру құқығы бар және білімге қол жеткізе алатын жаңа заман дәуірінде өмір сүреміз. Бірақ сонда да әйелдің орны көбіне екі жақты

болып қалады. Американдық социолог Э. Боулдинг қазіргі әйелдің әлеуметтік рөлі жайында, бұл рөл қоғамның «беткі» жағымен емес, «ішкі» жағымен көбірек байланысты дейді [9, 78 б.]. Әйелдерді кемсітушілік анық формада емес, жасырын формада болса да сақталады, оған жыныстық рөлдік таптаурындар мүмкіндік туғызады, яғни, қоғамда әйелге не «рұқсат етілгені» жайлы орнықты ұсынулар. Олар адамдардың санасы мен мінез-құлқына кедергі, еркек пен әйелдің әлеуметтіге теңсіздік орнының себебі болып табылады.

Ислам – бұл адамзатқа қазіргі адам бетпе бет тұрған көптеген мәселелерден құтылуға көмек беретін идеология. Жаратушы бізді тек жаратып мына әлемге тастап қоя салған жоқ қой, сонымен қатар, Ол бізге бұл өмірдің нұсқаулығы – Құранды жіберді. Ислам бойынша әйел ең әуелі аяулы жар және ана. Сау ұрпақты өсіру және үйдегі қолайлы, жақсы атмосфераны құру «іссіздік» деп бағалана алмайды. Аналар жайында, анық хадисте «Жұмақ – аналар аяғының астында» делінген, яғни оларға деген қарым-қатынас ер мұсылманның мәңгіліктегі аманшылығын анықтайды. Әпке-қарындастар, қыздар және әйелдерге тоқталатын болсақ, еркектер олар үшін Жаратушының алдында жауапты. «Сіздердің әрқайсысыңыз басқарушы болып табыласыздар және әрқайсысыңыз сіздерге жүктелген басқаруда жауапты боласыздар [10, 157-б.]». Болашақ ұрпақтың діндарлығы және тәрбиесі қандай болатындығы көбіне аналарға байланысты болып келеді. Оларға тыныштық сақталуы, татулық, үй-әулеттің діндарлығы, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мен діндарлығы сияқты ұлы функция жүктелген. Олардың құқықтарына келетін болсақ, олар өздерінің ерлерімен бар-

лық жағдайда тең. Әрқайсысында бұл өмірдегі өз функциясы бар. Егер әйел бала туып, оларды өз сүтімен тамақтандырып және тәрбиелесе, онда еркек жанұядағы психологиялық және рухани тұрақтылыққа, оның материалдық молшылығына және сыртқы агрессиядан қорғау үшін бар күш-жігерін жұмсау керек. Олардың бірлік және теңдік құқықтарының бірі олардың әрқайсысы өз міндетін атқарудағы және сол міндетіне деген жауапкершілігі жөнінен бірдей марапатталатыны болып табылатыны. «Еркектерге – олардың алғанынан өз үлесі, ал әйелдерге – алғандарынан өз үлесі. Жаратушыдан оның мейірімділігін сұраңдар. Расында, Аллаһ барлығын білуші [4, 32-б.]» .

Сонымен қазіргі заманда және көптеген дамыған елдерде әйелдің номиналды басшыдан жоғары қолданыстағы мемлекет басшысы орнында, әйел – қарулы күштер басшысы немесе тіпті парламент өкілдеріндегі әйелдердің пропорционалды санын көру өте қиын. Алайда, бұл айғақты әртүрлі елдің артта қалғандығы немесе мемлекет басқарудағы әйел құқығының білгілі бір конституциялық шектеуіне жатқызуға болмайды.

Әрбір жеке тұлғаның бойындағы адамгершілік қасиеттер ананың, яғни, әйелдің тәлім-тәрбиесінен бастау алады. Өйткені қазіргі кезде мұсылман әйелдері бір жағынан, түрлі қоғамдық салаларда өз қабілеттерін дәлелдесе, екінші жағынан, жанұядан, баланы тәрбиелеуден, аналық, жұбайылық рөлдерінен алыстамайды. Бұл жанұяға көңіл бөлу мен әйелдің өзекті рөліне қатысты Ислам тағылымдарының нәтижесі болып табылады, яғни Ислам қағидалары бойынша, әйелдің үйдегі ісі Аллаһ Тағала жолында джихад жасаумен тең деп айтсақ қателеспейміз.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296-б.
- 2 Шәдетхан Боғдабайұлы. Әйел қауымының исламдағы орны және әдебі // Жас Қазақ Үні. – №3. – Алматы, 2011. – 5-6-бб.
- 3 Сахих аль-Бухари. Хадисы. – Бишкек: УММА, 2003. – 860-б.
- 4 Юсупова Н. Права женщины в исламе. – Казань: Мастер-Лайн, 2001. – 125 с.
- 5 Maan, Bashir and Alastair McIntosh. The whole house of Islam, and we Christians. – New York, 2010. – 258 p.
- 6 Молдабеков Ж. Гендерлік саясаттың әлеуметтік сипаты, ұлттық көрінісі, тәрбиелік мағынасы // Виртуалды жоба. Жаңа экономикадағы әйелдің рөлі. – Астана, 2013. – 27-29-бб.
- 7 Хосейн Новин. Әйел мен ер адамның қоғамдық құқықтарының ерекшеліктері // Виртуалды жоба. Жаңа экономикадағы әйелдің рөлі. – Астана, 2013. – 35-38-бб.
- 8 Порохова-Аль-Рошд Валерия-Иман. Ислам в современной России. Энциклопедия. – М.: Алгоритм, 2008. – С. 166.

- 9 Боулдинг К. Общая теория систем – скелет науки // Исследования по общей теории систем. — М.: Наука, 1969. – С. 54-55.
- 10 Кулиев Э. Коран. – Алматы: Албаракат, 2011. – 324 с.
- 11 Юсупова Н. Права женщины в исламе. – Казань: Мастер-Лайн, 2001. – 125 с.

References

- 1 Nazarbayev On history wave. – Almaty: Atamura, 1999. – 296 pages.
- 2 Shadethan Bogdabayuli .The status and position of women in Islami // Jas Kazak Uni - №3. – Almaty, 2011. – 5-6 pages.
- 3 Sahih al Bukhari. Khadisi. – Bishkek: UmmA, 2003. - 860 pages.
- 4 Yussupova N.The rights of women in Islam. – Kazan: Master - Lain, 2001. – 125 p.
- 5 Maan, Bashir and Alastair McIntosh. The whole house of Islam, and we Christians. - New York, 2010. – 258 p.
- 6 Moldabekov J. The politics of gender in social life, in national focus, in bringing up the youngerster// Virtual project. The role of women in new economy. – Astana, 2013. – 27-29 pages.
- 7 Hosein Novin. The differences in rights of women and men// Virtual project. The role of women in new economy. – Astana, 2013. – 35-38 pages.
- 8 Porokhova al Rohid Valeria Iman. Islam in contemporary Russia. Encyclopedia. — М.: Algoritm, 2008. – S. 166.
- 9 Boulding K. General theory of systems - Skeleton of science // The research of general theory of systems. – М.: Nauka, 1969. – 54-55 p.
- 10 Kuliev E. Koran. – Almaty: Albarakat, 2011. – 324 pages.
- 11 Yusupova N. Rights women in Islam. - Kazan: master Lyne, 2001. - 125 p.